

## ТУУ ТУРАЛЫ КУЭЛІКТІ ХҚҚО-ҒА БАРМАЙ-АҚ АЛУҒА БОЛАДЫ

Әділет министрлігі 2025 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп «Kaspi Bank» АҚ постаматтары арқылы жеткізу бойынша пилоттық жобаны іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл ХҚҚО-ға бармай-ақ туу туралы куәлік алуға мүмкіндік береді, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Атап айтқанда, АХАТ органдары берген электронды құжаттар бойынша – туу, қайтыс болу, неке қию және некені бұзу туралы куәліктер мен анықтамалар бойынша электрондық апостильді қолдануды дамыту жоспарлануда. Жаңа өзгерістер азаматтарға аталған құжаттарды алуға және оларға бір өтініш шеңберінде апостиль қоюға мүмкіндік береді. Бұл қызметке 2025 жылдың төртінші тоқсанында қол жеткізілетін болады.

Сондай-ақ заң көмегін көрсету саласында Әділет министрлігі 2025 жылы Атқарушылық жазба жасау жөніндегі пилоттық жобаны іске қосуды жоспарлап отыр, ол «Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе» ақпараттық жүйесіне талаптардың даусыз екендігі және борышты тану, борышкердің жеке кабинеті арқылы қарсылық беру туралы растайтын құжаттарды салуды, сондай-ақ нотариустың борышкердің (жеке немесе заңды тұлға) тіркелген жері бойынша ғана атқарушылық жазба жасауын көздейді.

Бұл бастамалар мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін арттыруға, бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға және азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.

## МОПЕДТІ ТІРКЕУ ҮШІН СҰРАТЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ КЕЕЙДІ

Енді қазақстандықтардың қолында тек жүргізуші куәлігі ғана емес, мопедтің тіркеуден өтіп, мемлекеттік нөмір алғанын растайтын құжаттар болуы қажет.

Ішкі істер министрлігі тиісті тізімді жариялады:

жеке куәлік;  
0,25 АЕК көлемінде тіркеу жарнасы және 1,25 АЕК көлемінде техникалық құжат үшін салық төлегенін растайтын төлемдер;  
транспорт құралының сипаттамасы көрсетілетін мопедтің мемлекеттік тіркеуі туралы арыз;

Этехникалық құжат (егер бар болса) немесе мопедтің техникалық сипаттамасы жайлы анықтама;

бұрынғы техникалық паспорт пен мемлекеттік нөмір (егер болса);  
алғашқы тіркеу кезінде берілген транспорт құралын тексеру актісі;  
сенімхат (егер мопед басқа адамның атына рәсімделсе)

Өткен жылдың 24 желтоқсанында Мопедтерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы бірлескен бұйрығы шыққан болатын.



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙГЕАК

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyn "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyn Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyǵynyn iegeri

№01-02 /sársenbi/ 15 qańtar 2025 ж.



Менің елімізді дамытуға қатысты талай жылға арналған ауқымды жоспарларым бар, оның бәрін жүзеге асыруға ниеттімін

Біз коронавирус індетінен бастап қазірге дейін дағдарысты жағдайлардың бәрінен ойдағыдай өтіп келеміз

Көктемгі су тасқынының салдарын жою үшін қабылданған шаралар мемлекеттің тиімді жұмыс істей алатынын көрсетті. Зардап шеккен бір де бір отбасы көмек-қолдаусыз қалған жоқ

Мемлекет басшысы ретінде ішкі саясат мәселелерімен күнделікті айналысамын. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан менің қызметімде сыртқы саясатқа басымдық беріліп кетті деген пікір дұрыс емес

Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істегім де келмейді

«Таза Қазақстан» акциясына 3,8 млнға жуық адам қатысты. 1,5 млн тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 млннан астам көшет егілді. Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімі жоғары, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екенін көрсетпей ме?

Парламентте ғалымдардың, сарапшылардың және аймақ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдау өтті. Тараптар уақыт белдеуін ауыстырудың ел экономикасына және азаматтардың тұрмысына әсері жөніндегі барлық пікірді ескере отырып, 1 наурызға дейін жан-жақты зерттеу жүргізуге уағдаласты

Мен теңгені күшейту үшін еліміздің алтын-валюта қорын босқа ысырап ету орынсыз деп санаймын. Нарыққа қатысы бар кейбір құрылымдар теңге бағамын басқаруға қолайлы ету туралы ұсыныстар айтып жүр. Ұлттық банк пен Үкімет оның бәрін мұқият қарастырып жатыр

Қаңтар оқиғасына қатысты: Бір нәрсе анық, сол кезде тәртіпсіздікті бастаған және төңкерісті ұйымдастырған адамдардың қимылына дереу тосқауыл қойып, батыл әрекет жасамағанда, қазір Қазақстан дербестігі мен егемендігі әлдеқайда шектеулі, мүлде басқа мемлекетке айналар еді.

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік

Әділдік – бәрін теңестіру деген сөз емес. Менің ел байлығын әділ бөлу туралы ұстанымым меншік иелерін мүлкінен түгел айырып, активтерді қайта бөлу дегенді білдірмейді. Біз іштен іруге және жүгенсіздіктің белең алуы-



## ПРЕЗИДЕНТ СҰХБАТЫ

Президенттің «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан маңызды ойларын ұсынамыз:

на әкеп соқтыратын мұндай жолмен жүрмейміз

Заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 трлн теңгеден астам қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға сіндірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәрінен биік қоюға міндеттімін. Қазір біз шамамен айына бір рет телефон арқылы сөйлесіп тұрамыз

Талғардағы оқиғадан кейін құқық қорғау органдары қажетті шаралардың бәрін қабылдады. Күдіктілер қамауға алынды. Тергеп-тексеру жұмыстары аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы іске қатысты сот болады

Бұл оқиғаға орай құзырлы органдар қабылдаған барлық шара заң талаптарына толық сай келеді. Ал басқаның бәрі – құр дақпырт пен теріс пиғылды кейбір топтардың осы жағдайға саяси сипат беруге деген ұмтылысы ғана. Бұған жол беруге болмайды.

Менің «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдамама Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін. Бірақ оны толығымен жүзеге асыру үшін біз әлі талай жұмыс істеуіміз керек

Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге өзiрге еш негiз жоқ. Сайлау заңда белгiленген мерзiмдерге сәйкес өтедi. Парламент өзiне тиесiлi мерзiм аясында қызметiн атқаруға құлықты

Бизнеске мүлде қысым көрсетiлмеуi

керек. Шенеуніктер мен күштік құрылымдардың қызметкерлерін мұндай әрекеттері үшін жазалап жатырмыз, алдағы уақытта да жауапкершілікке тартатын боламыз. Ал көсіпкерлер алаяқтық жасамай, заң аясында жұмыс істеуге тиіс

Президент Путин – төжірибелі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның ерекшелігін және Орталық Азия аймағындағы ең ірі экономикасы бар маңызды ел екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ресей біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр

Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екені анық, мен бұған сенімдімін. Оған қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салуымыз мүмкін екенін жоққа шығармаймын

Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары кезінде Төраға Си Цзиньпин Қытайдың елімізге ешқашан зиянын тигізбейтінін, біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайтынын атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме

Президент Дональд Трамппен мазмұнды әрі ашық әңгіме болды. Ол Қазақстанға АҚШ-тың маңызды стратегиялық серіктесі ретінде жақсы қарайтынын сеніммен айта аламын

Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды

Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмөнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек

Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын.

Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады.

Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсакемесе» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн.

Шолушы.



# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ 1000 БЕЙІНДІК СЫНЫП АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы болып жарияланды. Жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыру мақсатында Үкімет Жұмысшы мамандықтарының жылын ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспар бекітті, оған қоса кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Іс-шаралар жоспары 7 бағыт пен 70 қадамды құрайды, оның ішінде өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, Жаңа мамандықтар атласын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың құқықтарын қорғау, және мәртебесін көтеру қамтылған. Кәсіпорындармен бірлесіп мектептерде 1000 бейіндік сынып ашылады.

«Кәсіптік бағдар берудің реформасы оқушыларға еңбек нарығындағы жаңа талаптар туралы білуге, экономиканың нақты секторларындағы мансап перспективаларын бағалауға және мамандықтарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл үшін мектептердегі кәсіби бағдарлау қызметі күшейтіледі, осы арқылы оқушылар толығымен кәсіби диагностикамен қамтылады. Жоғары сынып оқушыларын практикалық дағдыларға және колледждер базасында алғашқы жұмыс кәсібіне оқыту тәжірибесі енгізіледі», – деп атап өтті оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Бүгінде елімізде кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді, онда жарты миллионнан астам студент оқиды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынға ұлғайды, ал студенттердің стипендиясы екі есеге өсті.

## БИЫЛ ТАҒЫ 100 КӘСІПТІК СТАНДАРТ ӘЗІРЛЕНІП, ЖААРТЫЛАДЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова ҚР Үкіметінің отырысында Мемлекет басшысының Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында 2025 жылға жоспарланған іс-шаралар кешені туралы айтты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

«Ақтуарлық модельдер негізінде әзірленген болжамдарымыз алдағы жылдары жұмысшы кадрларға деген қажеттілік тек арта түсетінін көрсетеді. Алдағы 6 жылда кадрларға жиынтық сұраныс 1,6 млн адам деп жоспарлануда, оның ішінде кәсіптік-техникалық білімі бар жұмыскерлерге жартысынан астамы тиесілі, олардың 400 мыңға жуығы жұмысшы мамандықтары болып табылады. Оларға мамандандырылған техниканың жүргізушілері, сантехниктер, дәнекерлеушілер, құрылыс мамандықтары мен техникалық бағыттағы жұмысшылар жатады», – деді Светлана

Жақыпова.

Оның айтуынша, кадрлар даярлауды, оның ішінде жұмысшы мамандықтарды тиімді жоспарлау мақсатында жобалардың Инновациялық навигаторы әзірленген.

«Платформа қазірдің өзінде кадрларға деген қажеттілікті болжауға, сондай-ақ еңбек нарығының сұраныстарын ТжКБ ұйымдарында мамандар даярлаумен үндестіруге мүмкіндік береді. Жұмыс орындарын құру көрсеткіштері, еңбекақы қорының мөлшері, жалақыны уақытылы төлеу және әлеуметтік аударымдар негізінде жобалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыра аламыз. Бүгінде 150 мың жұмыс орнын құратын 755 инвестициялық жобаға мониторинг жүргізілуде», – деді Светлана Жақыпова.

Министр талдау барысында өртүрлі өңірдегі еңбек нарығының қажеттіліктері мен колледж студенттерінің (ТжКБ) нақты түлектері арасындағы елеулі алшақтық анықталғанын атап өтті. Ең үлкен алшақтық құрылыс саласында және өнеркәсіпте байқалады. Сонымен қатар, кадр тапшылығының өңірлер бойынша біркелкі бөлінбеуі байқалады.

Кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету үшін жұмысшы кәсіптері бойынша 1,6 мың кәсіптік стандарт жаңартылды. Олардың негізінде білім беру бағдарламаларының 87% жаңартылды. Еуроодақ елдерінің стандартын қолдана отырып, 12 мыңнан астам дағдыларды қамтитын Электрондық дағдылар банкі құрылды.

«Осы жылы тағы 100 кәсіптік стандарт әзірленіп, жаңартылуда. Біліктілікті тануды бағалау 4 тәуелсіз орталықтың базасында басталды. Биыл біз осындай тағы 5 орталықты, оның ішінде халықаралық стандарттар бойынша 2 орталықты ашуды жоспарлап отырмыз», – деді Светлана Жақыпова.

Кәсіби мансапты таңдау және өзінің мансаптық траекториясын басқару үшін «Мансап компасы» жобасы іске асырылуда.

Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша кәсіптік оқыту және жұмыс орнында оқыту белсенді дамып келеді. Биыл 12 мыңға жуық адам осындай курстардан өтеді.

Студенттердің практикалық дағдыларды игеруі үшін Электрондық еңбек биржасында өндірістік практикандан өту орнын табуға мүмкіндік беретін функционал іске қосылды.

Онлайн оқыту платформасында бүгінде 643 курс қолжетімді, 410 мың адам оқытылды.

Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тәлімгерлік институтын дамыту, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу және оқушылары мен ТжКБ студенттерін жұмыс іздеу мен жұмысқа орналастыру дағдыларына оқыту көзделген.

Еңбекминінің басшысы жұмыскерлердің құқықтарын қорғауды күшейту үшін ведомство әлеуметтік әріптестермен бірлесіп іске асыратын шаралар туралы да айтты.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы цифрлық мониторинг арқылы өндірістік жарақаттанудың алдын алу тетіктерін жетілдіру, кәсіпорындарға тәуекел класын бере отырып, кәсіптік тәуекелдерді интегралды бағалауды енгізу, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға

және мамандандырылған ұйымдарға жауапты адамдарды оқытуға және олардың білімін тексеруге қойылатын талаптарды күшейту.

«Сонымен қатар біз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту мәселесін қарастыруды жоспарлап отырмыз», – деп қосты Светлана Жақыпова.

Сөз соңында ведомство басшысы соңғы жылдары министрлік азаматтарды және еңбек саласындағы бизнесті қолдаудың дамыған жүйесін құрғанын атап өтті. Ол көптеген онлайн қызметтерді біріктіреді және жұмыс іздеуден және өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз етуден бастап, кәсіби дағдыларды дамытуға, оның ішінде жұмысшы мамандықтарына дейінгі көптеген міндеттерді шешеді.

«Жұмысшы мамандықтары саласындағы аса маңызды жобалардың бірі Кәсіпорынның цифрлық картасы болып табылады. Бұл бізге нақты уақыт режимінде кәсіпорындардағы тәуекелдерді алдын ала анықтауға және алдын алу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Модельде қаржылық, әлеуметтік және еңбек сияқты 60-тан астам көрсеткіш бойынша мәліметтер қолданылады. Бұл бізге жоғары тәуекелге байланысты жұмыс мамандықтарына ерекше назар аударуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның цифрлық картасын бұрын құрылған Отбасының цифрлық картасымен үйлестіру жаңа мүмкіндіктер ашады. Жұмыс беруші кәсіпорындағы жұмыскерлердің әлеуметтік әл-ауқатын ескере отырып, тәуекелдерді автоматты түрде анықтай алады. Мысалы, егер жұмысшы баспанаға мұқтаж болса, оның отбасы көпбалалы немесе онда мүгедектігі бар адам мәртебесі берілген мүшесі болса, жұмыс беруші мұны біліп, тиісті қолдау көрсете алады. Бизнес үшін Кәсіпорынның цифрлық картасы – бұл жұмыскерлердің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруға арналған құрал», – деп түйіндеді министр.

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕН САЛАСЫНДА 25 ЖАҢА МАМАНДЫҚ ПАЙДА БОЛАДЫ



Еліміздің көлік-логистикалық кешенінің қарқынды дамуын ескере отырып, орта мерзімді перспективада 25 жаңа мамандық қажет болады, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясындағы іс-шаралар жоспары қаралған Үкімет отырысында көлік министрі Марат Қарабаев жаңа жобаларды іске асыру кезінде жобаның цифрлық аналогын және 3D-модельдеуді пайдалануды көздейтін BIM технологиясы бойынша автомобиль

жолдарын салу мен реконструкциялауды жобалау көзделгенін хабарлады. Бұл бағытта «ақылды жолдар» бойынша тиісті инженер-жобалаушылар, BIM технологиясында жұмыс тәжірибесі бар прорабтар, құрылыс роботтарының операторы және цифрлық жобалаушы қажет болады. Көлік-логистика саласындағы ірі тораптарды басқару үшін цифрлық логистикалық карталар конструкторы мен операторы керек.

Азаматтық авиацияда сыртқы пилоттандырылатын авиациялық жүйелердің пилоттары сұранысқа ие болады. Осыған орай, алдағы уақытта уәкілетті орган мен білім беру мекемелерімен бірге осы мамандықтарды ашу мәселесі қарастырылады.

Бүгінгі таңда 9,7 млн жұмыспен қамтылған халықтың 772 мыңы көлік секторында жұмыс істейді, оның басым бөлігі теміржол және автомобиль көлігі, логистика және қоймалау салаларына тиесілі.

## МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ҮШІН 22 МЫҢА ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ



Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Үкімет отырысында «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ол бүгінгі таңда республиканың отын-энергетикалық кешені саналатын 1671 кәсіпорында 303 мыңнан астам түрлі кәсіп қызметкерлері жұмыс істейтінін атап өтті. 2030 жылға дейін ОЭК салаларында құрылыс кезеңінде де, тұрақты жұмыс орындарында да 83 мыңнан астам сапалы жұмыс орындарын құра отырып, 99 жобаны іске асыру жоспарлануда, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Мұнай-газ саласындағы жобаларды іске асыру мұнай-газ саласының да, аралас салалардың да техникалық мамандықтары үшін шамамен 22 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ химиясына 6 ірі жобаға 21 мыңнан астам қызметкер тартылатын болады, оның ішінде 18 мыңы уақытша және 3 мыңнан астамы тұрақты жұмыс. Электр энергетикасында 72 жобада, оның ішінде 32 жаңартылатын энергетика жобасында 41 мыңнан астам жұмыс орны, уақытша 35 мыңнан астам және тұрақты 6 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

«Атом электр стансасын салу жобасы бойынша 2030 жылға қарай 5 мыңға жуық адам, ал 2032 жылы құрылыстың шарықтау кезеңінде 10 мыңға жуық адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етілетін болады. Пайдалану кезеңінде жоба кемінде 2 мың адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Жаңа жобалардан басқа, жұмыс істеп тұрған ОЭК кәсіпорындарында 2025-2029 жылдар кезеңінде кадрларға жалпы қажеттілік қосымша 16 мыңға жуық жұмыс орнын құрайды», – деп толықтырды Алмасадам Сәтқалиев.



**КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР****Авиациялық жобалар**

Қазақстанда авиация саласындағы маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймақтарында жаңа әуежайлар салынады. Қазіргі таңда бұл нысандардың жұр уаскелерін рәсімдеу және жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр, деп хабарлайды Primeminister.kz.

**Автомобиль жолдары**

2030 жылға дейін елімізде көлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша ауқымды жоба жүзеге асырылады. Жаңа автожолдардың жалпы ұзындығы 4,7 мың шақырым, оның 3,7 мың шақырымы – I санаттағы жолдар.

2025 жылы келесі ауқымды жобалар жүзеге асырылады:

- Қызылорда – Жезқазған (208 км)
- Ақтөбе – Ұлғайсын (234 км)
- Қарағанды – Жезқазған (572 км)
- Сарыағаш қаласы айналма жолы (102 км)
- Қызылорда қаласы айналма жолы (20 км)
- Қызылорда – Сексеуіл (470 км)
- Атырау – Доссор (86 км)
- Рудный қаласы айналма жолы (16,9 км)
- Жаңаөзен – Кендірлі (156 км)
- Петропавл қаласы айналма жолы (8 км)
- Түркістан қаласы айналма жолы (29,6 км)
- Астана – Қостанай – РФ-мен шекара (830 км)
- Шымкент қаласы айналма жолы (48 км)
- Атырау – Орал (орташа жөндеу, 516 км)
- Атырау – Шапай (136 км)
- Алматы – Талғар – Бөйдібек би (68 км)
- Алматы – Үшқоңыр (48 км)
- Бейнеу – Сексеуіл (736 км)
- Жайық өзені арқылы өтетін көпір (6,5 км)

Бұл жобаларды іске асыруға жалпы көлемі 9 трлн-нан астам теңге инвестиция көзделген. Қазір инвесторлар тарту жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр.

**Темір жол және су көлігі**

Темір жол көлігі саласында да бірқатар ауқымды модернизация жоспарланған. 2025 жылы 225 жаңа вагон сатып алынады.

«Достық – Мойынты» жобасы бойынша темір жол құрылысы аяқталады, бұл өткізу қабілетін 5 есеге арттырып, тәулігіне 12-60 пойыз жұбының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар «Алматы айналма жолы» жобасы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ «Достық – Бескөл» және «Мойынты – Балқаш» учаскелерінде қозғалыс ашу жоспарланған. Бұл шешім көрсетілген учаскелердегі пойыз қозғалысын жақсартуға және жүк тасымалы мәселелерін шешуге көмектеседі.

**Теңіз көлігі және Ақтау порты**

Теңіз көлігін дамыту мақсатында Ақтау портында контейнерлік хаб салу жұмыстары басталды, бұл порттың өткізу қабілетін жылына 240 мың ЖФЭ-ге дейін арттырады. Бұл Қазақстанның халықаралық логистикадағы орнын нығайтып, Әзербайжан, Грузия және Түркия арқылы өтетін Транскаспий бағытындағы контейнерлер тасымалы көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ Қытайдан Еуропаға жеткізілетін транзиттік жүктердің бір бөлігін қайта бағыттауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар портта тереңдету жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бұл оның терминалдық қуаты мен контейнерлерді тасымалдаудың тиімділігін арттырады.

**ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР**

Қазақстанда автокөлік өткізу пунктерін толыққанды жаңғырту жалғасуда. Бүгінгі

**ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

таңда жаңарту Қытай, Өзбекстан және Түрікменстан шекарасындағы 9 бақылау-өткізу пунктіне қатысты, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Жоспарланған жұмыстар шеңберінде өткізу мүмкіндігін тәулігіне 6 есеге дейін, орта есеппен 170-тен 960 көлікке дейін арттыру, сондай-ақ шекарадан өту уақытын 30 минутқа дейін қысқарту күтіліп отыр. Биыл 9 бақылау-өткізу пунктін жаңғырту жұмыстарын аяқтау жоспарланған.

Сонымен қатар, Еуразия экономикалық одақтың сыртқы шекарасы бойынша барлық 10 автомобильдік шекара бекетінде автоматтандырылған электронды кезек жүйесі енгізілді. Оны «Qoldau.kz» платформасында және «CargoRuqsat» мобилді қосымшасы арқылы пайдалануға болады.

Жүйені енгізу республикалық маңызы бар жолдар бойында автокөліктердің жиналып қалуын болдырмауға мүмкіндік берді және тасымалдау процесінің ашықтығын қамтамасыз етті.

**2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік сатып алудағы негізгі өзгерістер**

Президент тапсырмасы бойынша мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру шеңберінде елімізде 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң өзіндік. Құжат тендер өткізу рәсімдерін оңтайландыруға, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сондай-ақ отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған. Атап айтқанда, өзгерістер мыналарға әсер етті:

конкурс өткізу мерзімі қысқартылды (конкурстық құжаттаманы талқылау 5 жұмыс күнінен 2 жұмыс күніне дейін; өтінімдерді қабылдау 15 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне дейін; өтінімдерді қарау және қорытындылау 10 жұмыс күнінен 3 жұмыс күніне дейін);

құрылысқа байланысты жұмыс бойынша қоғамдық мониторинг енгізілуде. Жұмысты орындау кестелерін, шарттардың орындалуы туралы есептерді жалпыға қолжетімді ету, шарттардың орындалуын бақылауға жұртшылықты тарту жоспарлануда;

сатып алу нәтижелеріне шағымданудың жаңа тәртібі іске асырылуда. Сатып алуды жедел жүргізу және рәсімдердің кешіктірілуін болдырмау мақсатында шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушының өзі қарайтын болады.

аз мөлшердегі сатып алулар бойынша 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден алу құқығы енгізілді. Ауылдық әкімдіктер үшін бір көзден сатып алудың шекті мөлшері 3 000 АЕК-тен 4 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында осы санаттағы субъектілерден құны 50 000 АЕК-тен аспайтын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың басым құқығы белгіленді;

ішкі нарықты қолдау мақсатында ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу арқылы веб-порталда отандық өндіріс тауарларын басымдықпен алу бойынша жұмыс жалғасуда;

бәсекелестікті дамыту және бизнесті қорғау мақсатында мемлекеттік мекемелер және квазимемлекеттік сектор субъектілері саналатын өнім берушілердің өтінімдерін жеке кәсіпкерлік субъектілері саналатын өнім берушілерден кемінде екі өтінім болған жағдайда веб-портал автоматты түрде қабылдамайды;

бағалық емес критерийлерді дамыту және жергілікті жеткізушілерді қолдау мақсатында аумақтық белгі (1%-дан 2%-ға дейін) және теріс мәндер (0.1%-дан 0.2%-

ға дейін) түріндегі шартты жеңілдіктерді есептеу өзгертілді.

**2025 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТ ЖОБАЛАР**

Қазақстанның 2025 жылға жоспарланған инвестициялық жобалары еліміздің экономикалық өсімінің жаңа кезеңіне негіз қалауда. Бұл жобалар тек қазіргі экономикалық жағдайды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 190 жобаның іске асырылуы арқасында 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, Қазақстан экономикасының өртарпастануы мен экспорттық әлеуеті артады.

Қазақстанның экономикалық дамуының басты бағыты — өңдеуші өнеркәсіпке инвестиция тарту болып табылады. Бұл еліміздің шикізатқа тәуелділігін төмендетуге, технологиялық жаңғыртуға және ішкі өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда жүзеге асырылатын жобалардың үлкен үлесі Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіп секторының дамуына бағытталған. Сондай-ақ, инвестициялық бастамалар аймақтардағы экономикалық дамуды күшейтіп, жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етеді.

**Инвестициялық жобалардың негізгі бағыттары мен маңызды жобалар**

2025 жылы Қазақстанда жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар көп саланы қамтиды. Бірақ ең маңызды жобалар көлік құралдарын шығару, тұрмыстық техника өндірісі және металлургия салаларында жоспарланып отыр. Бұл жобалар тек ішкі нарықтағы қажеттіліктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да әсер етеді.

Автокөлік өндірісі – 2025 жылы Алматы қаласында «Астана-Моторс» моторлы компаниясының жеңіл автокөліктер өндірісі үшін көпбрендтік зауыт салу жобасы іске қосылады. Бұл зауыттың өндірістік қуаты жылына 90 000 автокөлік болады деп жоспарлануда, ал 2 200 жаңа жұмыс орны ашылады. Жеңіл автокөліктердің бірнеше бренді бойынша өндіріс жүргізілуі экспорттық мүмкіндіктерді арттыруға, сондай-ақ Қазақстанның автокөлік өнеркәсібін дамытуға үлкен серпін береді.

Қостанай облысында «KIA Qazaqstan» зауытының ашылуы да маңызды оқиға болмақ. Бұл зауыт жылына 70 000 KIA автокөлігін шығаратын болады және 1 500 жаңа жұмыс орнын ашады. Бұл жоба машина жасау саласының дамуына және Қазақстанның автоөнеркәсіп нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның тұрмыстық техника өндіру саласындағы жаңа жобалардың бірі – «ALMATY TURMYSTYQ TENNIKA ZAVODY». Алматы облысында тұрмыстық техника өндіретін зауыт салынады, оның жылдық өндіріс көлемі 750 000 бірлік болады деп жоспарлануда. Бұл жоба да 1 200 жаңа жұмыс орнын ашып, Қазақстанда тұрмыстық техника өндірісінің үлесін арттырады. Өндірістік қуаттың артуы елдің ішкі нарығын қамтамасыз етуге және экспортқа шығару мүмкіндіктерін көбейтуге мүмкіндік береді.

Шымкент қаласында «QazAlPack» жобасы аясында алюминий пакеттерін өндіру зауытының өндіріс қуатын жаңғырту жоспарлануда. Бұл жоба 112 жұмыс орнын ашып, жаңа технологиялар мен өнімдерді енгізу арқылы Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға көмектеседі.



Ал Атырау облысында «ТексолТранс» жобасы бойынша жүк вагондарын шығаратын зауыт салынады. Жоба жүзеге асқан жағдайда 180 жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар, «Казполиграф» жобасы Абай облысында сұйық өнімдерге арналған картон қаптамаларын шығару үшін іске қосылады. Бұл жоба тек ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, картон қаптамаларына деген сұраныстың өсуіне ықпал етеді.

**Аймақтық даму және инвестициялар**

Қазақстанның әр аймағында жүзеге асырылатын жобалардың ауқымы айтарлықтай өзгеше. Инвестициялық жобалардың ең көп бөлігі Түркістан облысы мен Алматы қаласында жүзеге асырылуда. Түркістан облысында 15 жоба, ал Алматы қаласында 14 жоба іске қосылады. Бұл аймақтардың экономикалық дамуына үлкен ықпал етеді және жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қостанай мен Қарағанды облыстары инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы болып отыр. Бұл облыстар өңдеуші өнеркәсіп пен машина жасау салаларындағы маңызды жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Осы аймақтарда жүзеге асатын жобалар өнеркәсіптік өндіріс пен өндірістік қуаттарды арттыруды мақсат етеді, бұл өз кезегінде Қазақстанның ұлттық экономикасын нығайтуға ықпал етеді.

Осылайша 2025 жылы жоспарланған инвестициялардың ең үлкен бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке бағытталады. 1 200,7 миллиард теңге көлеміндегі инвестициялар өңдеуші өнеркәсіп саласына бағытталып, 19 640 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл өндіріс саласының дамуы мен жұмыс орындарының көбеюіне септігін тигізеді.

Қазақстанның машина жасау саласы да ерекше назарда. Бұл салада 7 823 жұмыс орны құрылатын болады. Машина жасау — Қазақстан экономикасының маңызды секторларының бірі. Осы саладағы инвестициялар отандық өндіріс қуаттарын арттыруға, жаңа технологиялар енгізуге және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Қара металлургия саласы да елеулі орын алады. Бұл салаға 256 миллиард теңге көлемінде инвестиция салынып, өндірістік қуаттардың артуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және металлургия өнімдерінің ішкі нарықта үлесінің өсуіне ықпал етеді. Бұл сектордың дамуында Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуеті де арта түседі.

Жобалардың толық қуатына шығуы нәтижесінде жалпы өндіріс көлемі 2,2 триллион теңгені құрайтын болады. Оның ішінде 0,8 триллион теңге экспортқа бағытталады. Бұл Қазақстанның халықаралық нарықтағы ықпалын арттырып, сыртқы саудада бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Сонымен қатар, жоспарланған жобалар арқылы импортты алмастыру көлемі 1,4 триллион теңге болады, деп күтілуде. Бұл қадам елдің ішкі өндірісін күшейтіп, импортқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Импортты алмастыру Қазақстанның өнеркәсіп салаларының өнімділігін арттырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

2025 жылы Қазақстанда жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар ел экономикасының өртарпастандыруына, экспорттық әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған маңызды бастамалар болып табылады. Бұл жобалардың нәтижесінде Қазақстан әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті ел ретінде көрініс табады. Экономикадағы жаңа технологиялар, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының ашылуы Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуы үшін үлкен мүмкіндіктер жасайды.

**Бетті жинақтаған: Арайлым ӘБСАФАТ.**





## ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНДЕР

**Мұрат Жұрынов** — қазақ ғалым және химик, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының президенті.



**Өмірзақ Озғанбаев** — ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері.

**Гүлшара Әбдіқалықова** — мемлекет және қоғам қайраткері




**Мұрат Әбен** — қазақстандық мемлекеттік және қоғам қайраткері, Қазақстан Мәжілісі IV және VIII сайланымдарының депутаты.

**Айгүл Елшібаева** — дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.



**Айгүл Иманбаева** — қазақстанның эстрада әншісі, актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

**Ләйлә Сұлтанқызы** — қазақстандық тележүргізуші, журналист. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.



**Гүлнұр Оразымбетова** — қазақстанның эстрада әншісі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

**Азамат Сатыбалды** — тележүргізуші, кино және театр актері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.



# Мерейтойлар

70 ЖАС

**Бексейіт Әбдәзүлі Түлкіев** (1955-1998ж.ж.) - белгілі монументші.

**Жамбыл Талхаұлы Айменов** - Техникалық ғылымдарының докторы, профессор.

**Сәдібек Түгел** - Қазақ жазушысы, публицист, Астана қаласының тұңғыш баспасөз хатшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

**Әбдірайым Толымбек** — Ақпарат саласының үздігі, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, балалар жазушы.

75 ЖАС

**Дидахмет Әшімханұлы** (1950 - 2015 ж.ж.) — қазақ журналисі, қаламгер.

**Жұмабай Шаштайұлы** (1950 – 2024 ж.ж.) — қазақстандық жазушы, белгілі журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

**Омашев Намазалы Омашұлы** — Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Қазақстан Журналистика Академиясының толық мүшесі (академик).

**Оңалбай Аяшев** - Педагогикалық ғылым докторы, профессор (1991). Халықаралық пед. ғылымдары «Еуразия» эконом., Ресей педагогикалық және әлеуметтік ғылымдар академияларының толық мүшесі.

85 ЖАС

**Ескендір Хасанғалиев** (1940 – 2021) - Әнші (лирикалық баритон), композитор, музыкант. Қазақ КСР-нің Халық артисі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері.

**Мақаш Тәтім** (1940 - 2016) — демограф-ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанда демография білімінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері.

**Мұхтар Мағауин** (1940 - 2025) — Филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы.

**Қайрат Исламқұлов** (1940 - 2017) — ғалым. Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі. Техника ғылымдарының докторы, профессор.

90 ЖАС

**Жүмекен Нәжімеденов** — Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.

**Қадыр Мырза Әли** — ақын, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі.

**Қалихан Ысқақ** — қазақ прозасының қара нары атанған жазушы, сыншы, драматург, аудармашы.

95 ЖАС

**Төрегелді Шарманов** (1930 - 2024) — қазақстандық гигиенист-нутрициолог ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ресей Медицина Ғылым Академиясының және Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

**Шәмші Қалдаяқов** (1930 - 1992) — композитор, Қазақстанның халық өртісі, Қазақстанның Еңбек Ері.

100 ЖАС

**Ережепбай Молдабаев** (1925-1944) — Кеңес Одағының Батыры.

**Нұргиса Тілендиев** (1925 - 1998) — қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, КСРО халық өртісі, Халық Қаһарманы.

**Әлия Молдағұлова** (1925 – 1944) — Кеңес Одағының Батыры, мерген, ефрейтор.

110 ЖАС

**Лияс Есенберлин** - (1915 - 1983) — қазақ жазушысы.

**Жұмабек Тәшенов** (1915 - 1986) - мемлекет және қоғам қайраткері

**Мәлік Ғабдуллин** (1915 - 1973) — қазақ жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Кеңес Одағының Батыры.

115 ЖАС

**Бауыржан Момышұлы** (1910 - 1982) — қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы, Ұлы Отан соғысында даңқы шыққан стратег және тактик, жазушы, Кеңес Одағының Батыры.

120 ЖАС

**Асқар Тоқмағамбетов** (1905 - 1983) — қазақтың ақыны, жазушысы.

**Әбу Сәрсенбаев** (1905 — 1995) — ақын, жазушы. Қазақстанның халық жазушысы.

**Өтебай Тұрманжанов** (1905 – 1978) — қазақ ақыны, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі және классигі.

125 ЖАС

**Иса Байзақов** (1900 — 1946) — ақын, өнші-композитор.

130 ЖАС

**Сапарғали Бегали** — (1895 – 1983) қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы, шоқтанушы.

**Сәбит Дөнентаев** (1894—1933) — қазақ ақыны.

135 ЖАС

**Мұстафа Шоқай** (1890- 1941) — қазақ мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, тәуелсіз және біртұтас Түркістанның идеологы.

**Тоқаш Бокин** (1890 – 1918) — 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен Қазақстанда (Жетісуда) Кеңес үкіметін орнатуға белсене қатысушы.

180 ЖАС

**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы** (1845 – 1904 жыл) — ұстаз, ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, саяси қайраткер, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

190 ЖАС

**Шоқан Уәлиханов** (1835 - 1865) — қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы.

210 ЖАС

**Сүйінбай Аронұлы** (1815 – 1898) — талантты, ұлы қазақ ақыны және айтқышы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

27.02.2025 жылы, сағат 15:00-де Түркістан облысы, Бөйдібек ауданы, Шалдар ауылы, Қамбашов көшесі 1 мекен жайында «Түркістан облысы, Бөйдібек ауданындағы «Шалдар» кен орнында шөгінді жыныстарды (құм қиыршық тас) өндіру бойынша тау кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды:123456.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Шұбар Group» ЖШС. Тел:8 775 482 3295 E-mail: nma202424@mail.ru Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.» тел: +7 705 717-00-26. E-mail: bgm-86@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: <https://ecorportal.kz> және ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы» ММ сайтында <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lanq=ru> ұсынылады. ЖАО эл.адрес a.erkebai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Туркестан қ., Жаңа қала м/а, көше.32,20.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» және a.erkebai@ontustik.gov.kz айдарымен қабылданады.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін bgm-86@mail.ru эл. поштасына және тел: 8-707-947-69-47 хабарласыңыз.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

27.02.2025г., в 15:00 часов, по адресу: Туркестанская область, Байдибекский район, село Шалдар, ул.Камбашов 1 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ для добычи осадочных пород (песчано-гравийной смеси) на месторождении «Шалдар» в Байдибекском районе, Туркестанской области». В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 6165408596 Код доступа: 123456 Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Шұбар Group» Тел: 8 775 482 3295 E-mail: nma202424@mail.ru Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.» Тел:8 705 717-00-26 E-mail: bgm-86@mail.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lanq=ru> ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Эл.адрес МИО a.erkebai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания» и a.erkebai@ontustik.gov.kz Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл.адресу: bgm-86@mail.ru Тел: 8-707-947-69-47.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «СӨТ тас Group» ЖШС, «Түркістан облысы, Сайрам ауданында орналасқан «Қарабулак-2» құм қиыршық тас кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

ҚОЖ жобасын әзірлеуші ЖК «Баймаханова Г.М.» тел:87079476947. Эл.адрес: bgm-86@mail.ru ЖАО эл.адрес a.erkebai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Түркістан қ., Жаңа қала м/а, көше.32,20.

Барлық ескертулер және ұсыныстар 22 қаңтар мен 5 ақпан аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>) жолдауға болады.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «СӨТ тас Group» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «План ликвидации месторождения песчано-гравийной смеси

«Қарабулак-2» расположенного в Сайрамском районе Туркестанской области» Разработчик раздела ООС ИП «Баймаханова Г.М.»тел:87079476947 Эл.адрес: bgm-86@mail.ru Эл.адрес МИО a.erkebai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20.

Все замечания и предложения принимаются в период с 22 января по 5 февраля в срок не позднее 10 рабочих дней с даты размещения на едином экологическом портале (<https://ecorportal.kz>).



Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Шымкент қаласы әкімінің аппараты 2025 жылғы 14 ақпанда сағат 12:00-де Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты, 501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1  
«Шымкент–Төретам» автобус бағыты (Қызылорда облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

3.Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты, 508 бөлме) мекенжайына «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-не ұсынуы тиіс (электронды мекенжай: mega.kolik2014@mail.ru).

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 30 қаңтар сағат 12:00-ге дейін.

6. 2025 жылғы 16 қаңтарда сағат 12:00-ге конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны: Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты,

501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: 8 (7252) 24-75-22

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа

1. Аппарат акима города Шымкент объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 14 февраля 2025 года в 12:00 часов по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева №10, кабинет № 501 (5 этаж здания акимата г.Шымкент) «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Шымкент».

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты): Лот №1  
Автобусный маршрут «Шымкент-Төретам» (на паритетной основе с перевозчиком Кызылординской области);

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желающие принять участие в конкурсе представляют письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов в ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог г.Шымкент», по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева №10, кабинет №508 (5 этаж здания акимата г.Шымкент), (электронный адрес: mega.kolik2014@mail.ru).

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: до 12:00 часов 30 января 2025 года.

16 января 2025 года в 12:00 часов конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева, №10 кабинет №501 (5 этаж здания акимата г.Шымкент), ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог г.Шымкент».

7. За справками обращаться по телефону: 8 (7252) 24-75-22

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Оразалиев Б.У.» ЖК-і, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақ-қорған ауылы, Қожанов көшесі, 111-үй мекенжайда орналасқан «Оразалиев Б.У.» ЖК-ің АЗС әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz> қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 22.01.2025 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, [ecosentre2018@mail.ru](mailto:ecosentre2018@mail.ru), тел. +7 /700/ 423-29-82.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Оразалиев Б.У.» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для АЗС ИП «Оразалиев Б.У.» по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с. Шолақкорған ул. Кожанова д. 111. Проектная документация доступно на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, замечания и предложения принимаются с 22.01.2025 г. в течение 5-ти рабочих дней, [ecosentre2018@mail.ru](mailto:ecosentre2018@mail.ru), тел. +7 /700/ 423-29-82.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Қазақстанның Халық жазушысы, тарихшы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Түркияның Халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының сахибы, ф.ғ.д.

### Мұхтар МАҒАУИНИ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы

### Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫНЫ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Шымкент қаласы әкімінің аппараты 2025 жылғы 5 наурызда сағат 12:00-де

Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты, 501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

Лот №1  
«Шымкент-Темірлан» ША шағын автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

Лот №2  
«Шымкент-Шаян» ША шағын автобус бағыты (Түркістан облысының тасымалдаушысымен паритеттік негізде);

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты, 508 бөлме) мекенжайына «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-не ұсынуы тиіс (электронды мекенжай: mega.kolik2014@mail.ru).

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 19 ақпан сағат 12:00-ге дейін.

6. 2025 жылғы 16 қаңтарда сағат 12:00-ге конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны: Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №10 (Шымкент қаласы әкімдігі ғимаратының 5 қабаты,

501 бөлме) мекенжайында «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-де өткізеді.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа

1. Аппарат акима города Шымкент объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 5 марта 2025 года в 12:00 часов по адресу: г.Шымкент, проспект Н.Назарбаева №10, кабинет № 501 (5 этаж здания акимата г.Шымкент) «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Шымкент».

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты): Лот №1

Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Темирлан» МА (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

Лот №2  
Микроавтобусный маршрут «Шымкент-Шаян» МА (на паритетной основе с перевозчиком Туркестанской области);

